



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ответственность в виде лишения свободы может быть применена только в случае, если совершение преступления приводит к тяжким последствиям.

Таким образом, реализация предложенных рекомендаций в виде декриминализации определенных статей Уголовного кодекса РК будет способствовать приведению законодательства в данной сфере к международным стандартам, а также улучшению практического правоприменения.

Список использованных источников:

1. Аистова, Л. С. Уголовное право зарубежных стран : учебное пособие / Л. С. Аистова, Д. Ю. Краев. — Санкт-Петербург : Санкт-Петербургский юридический институт (филиал) Академии Генеральной прокуратуры Российской Федерации, 2013. — 132 с.
2. Уголовное право зарубежных стран. В 3 т. Том 3. Особенная часть : учебник для бакалавриата и магистратуры / отв. ред. Н. Е. Крылова. — 5-е изд., перераб. и доп. — М. : Издательство Юрайт, 2016. — 397 с
3. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.)
4. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.12.2016 г.)
5. Закон Республики Казахстан от 23 июля 1999 года № 451-І «О средствах массовой информации» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 22.12.2016 г.)

УДК 343.14

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ПРОЦЕСІНДЕГІ ДӘЛЕЛДЕУДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Смайлова Айгерим Талгатовна

aygerim.smaylova@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

«Құқықтану» мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Тлеухан Р.К.

Қазақстан Республикасының 2010 – 2020 жылдар аралығындағы Құқықтық саясат концепциясында көрсетілгендей, біздің мемлекетіміздің дамуының қазіргі кезеңінде қылмыстық іс жүргізу құқығының шыңдалуында қылмыстық сот ісін жүргізудегі адамның құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған негізгі принциптерді жүзеге асыруға басым мән беруді талап етеді. Егер қылмыстық құқықтың жүзеге асуы қылмыстық іс жүргізудің негізгі міндеті болса, ол азаматтар мен ұйымдардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсаты айқындалып көрсетілуі тиіс, себебі оның өзі қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі борышы болып табылады. Қылмыстық құқық тараптардың теңдігі мен жарыспалылығы принциптеріне негізделсе, дәлелдеуді дәлелдеу субъектілері сотқа ұсынатын дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалауға бағытталған мәліметтердің жиынтығы деп қарастыруымызға болады [1].

Ұсынылған мақалада қылмыстық сот ісін жүргізудегі дәлелдеу мәселесі талқыланады.

Жалпы қылмыстық іс жүргізуде дәлелдеудің негізгі мақсаты қылмыстық істер бойынша объективті ақиқатқа қол жеткізу болып есептеледі. Объективті ақиқатқа тек объективті шынайылық кірмейді, оның орнына қылмыстық құқықтық мәнге ие шынайылық жатқызылады.

Сонымен заңды түрде негізделген сот шешімінің құрылымы дәлелдеу пәнінің барлық элементтерінің дұрыс анықталып көрсетілуіне тәуелді болып келеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көрсетілгендей іс жүзіндегі мәліметтер заңсыз түрде алынса (қорқыту, алдау, күштеу, жәбірлеу арқылы немесе белгісіз дереккөздерден алынса, т.б.), айғақ ретінде қабылданбайды [2].

Дәлелдеу барысында қылмыстық іс материалдарының тізімінде, хаттамаларда тіркелмеген дәлелдемелер қабылданбайды.

Халықаралық заңнамаға тоқталар болсақ, БҰҰ адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 10 бабында белгіленгендей: «Әр адам, өзінің құқықтары мен міндеттерін анықтап, өзіне тағылған қылмыстық айыптаудың негізділігін белгілеу үшін, ісі толық теңдік негізінде, әділеттік талаптарға сай, тәуелсіз және әділ сот арқылы ашық қаралуына құқығы бар».

Ақиқатқа, әділдікке қол жеткізу барысы жалпы танымның бір бөлшегі бола тұра, қылмыстық істерді қарастыру барысында бірқатар ерекшеліктерге ие. Құқық қорғау органдары мемлекеттік, ұжымдық, индивидуалды меншіктің бұзылмауына, азаматтардың ар-ожданын қорғауға, қылмыстылықпен күресуге, кез-келген құқық бұзушылықтың алдын алуға және олардың себебін жоюға керекті шаралардың барлығын қолдануға міндетті.

Құқық саласының негізгі міндеттерінің бірі құқық қорғау органдарын қылмыскерлікпен күрес үшін қажетті әдіс-тәсілдермен, құралдармен және оның тәсілдерін жою міндетті болып табылады. Бұл мәселенің шешімі едәуір деңгейде қылмыстық-процестік ғылымның даму деңгейіне тәуелді. Сондай-ақ, қылмыскерлікпен күресумен қатар қылмыстық-процестік заңнама сот, прокурорлық, тергеу практикасының негізгі тенденцияларын сақтауы керек, ол өз кезегінде қылмыстық сот ісін жүргізудің демократия мен гуманизм идеяларымен байланысты, яғни сот төрелігін жүзеге асыруда тұлғаның бостандығы мен заңды мүддесін, құқықтарын нығайтады және соттың тәуелсіздігін күшейтеді, қылмыстық істер бойынша қорғауды күшейту мен кеңейту, прокурорлық және тергеу жұмыстары деңгейін жоғарылату, сот шешімдерінің заңдылығы мен әділдігінің кепілін жасау қажеттігі қазіргі заманғы сот процесінің мәселелерінің бірі болып табылады.

Жоғарыда аталып өткен шаралардың барлығына дәлелдеу құқығын шындау арқылы қол жеткізуге болады. Дәлелдеу құқығын қылмыстық-процестік құқықтың нормамалын құрайды және іс бойынша дәлелдеме санатына не жатқызылатынын, дәлелденуге тиісті мән-жайдың жиынтығы, дәлелдеу міндеті кімге тиесілі екендігі, айғақтарды жинақтау, тексеру, бағалау тәртібі айқындалып көрсетіледі. Жалпы қылмыстық құқық саласында дәлелдеме және дәлелдеу ұғымдары бір-бірінен ажырамас және дәлелдемелер теориясында бірнеше мағынада қолданылады. Дәлелдеме процессуалды түсінікте, заңды түрде белгіленген тәртіппен жинақталған істің шын мәнінде мән-жайлары туралы мәліметтер.

Дәлелдеу ғылымында логика, психология, криминалистика, сот медициналық сараптамасы, психиатрия секілді ғылымдардың табысты зерттеулері қолданылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық сот процесіндегі дәлелдеу түсінігіне, бірінші кезекте, тоқталар болсақ, дәлелдеу дәлелдемелерді жинақтау, тексеру және бағалаудан тұрады және сол арқылы заңды негізделген және әділ шешім қабылдау мақсатына септігін тигізеді. Дәлелдеуді өз өкілеттілігі шегінде тергеуге жауапты тергеуші, прокурор, судья, сот жүзеге асырады. Күдікті, айыпталушы, қорғаушы, қоғамдық қорғаушы, қоғамдық айыптаушы, сонымен қатар жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері дәлелдеуге қатысуға құқылы болып табылады.

Дәлелдемелерді жинауға және тексеруге сарапшылар, мамандар, куәгерлер және тағы басқалар тартылады, сонымен қатар олар заңда белгіленген тәртіп бойынша белгілі бір іс жүргізу міндеттерін орындайды. Дәлелдемелерді жинау және тексеру заңда қарастырылған тергеу, талапкер және жауапкер тараптарды кездестіру және бір-бірін таныту, тінту, тексеру, эксперимент, сараптама және басқа да тергеу және сот іс-әрекеттерін жүргізу арқылы жүргізіледі.

Дәлелдемелерді сотқа дейінгі сатыларда тергеу және басқа да іс-әрекеттерді жинақтау, тексеру, бағалау арқылы анықтаушы, тергеуші, прокурор жүзеге асырады. Дәлелдеу барысына процестің барлық қатысушыларына белгілі бір деңгейде құқық беріледі.

Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады.

Сот процесіндегі дәлелдеудің мәселелері жайлы қазақстандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері сан алуан. Мәселен, профессор М.Ш. Қоғамов: «Қылмыстық кодекстің негізгі идеясы ретінде қылмыстық жауаптылықты кез келген түсіндіру және түсіну кезінде оны қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды анықтау арқылы белгілеу Қылмыстық-процестік кодекстің проблемасы» - деп жазады. С.А. Шейфердің пайымдауынша, мәліметті алу, жинақтау үрдісі, оларды негіздеу мен растау үрдісімен бір [3]. Дәлелдеуді тану және куәландыру тараптары дәлелдемелерді жинаудың кезектесетін емес, өзара әрекеттесетін элементтер болып табылады.

Н.А.Громов, қылмыстық іс жүргізуде дәлелдеу барысында дәлелдемелерді жинақтау, тіркеуден кейін, оларды бағалау толығымен объективті ақиқат деп есептеуге жатпайды, яғни сот іс жүргізуінде дәлелдемелерді бағалау кезінде танымдық қана емес, заңнамада белгіленген өлшем бойынша ғана объективті ақиқатты анықтайды және судья заң алдындағы адалдыққа негізделген өзінің ішкі сеніміне сүйеніп дәлелдемелерді бағалап, шешім қабылдайтындығын атап өтеді [4].

Ұсынылған жұмыста дәлелдеу жалпы теориясының кейбір мәселелері, атап айтқанда, соттың, тергеушінің ақиқатты анықтау барысында тәжірибе жүзіндегі қызметі зерттеледі.

Аталмыш мақаланы жазу барысында қазіргі заңнама, қылмыстық құқық әдебиеті және қылмыстық, қылмыстық-процестік кодекстер, криминалистика бойынша әдебиеттер, қылмыстық сот ісінде дәлелдеу барысында қолданылатын дәлелдеу теориясының белгілі бөлімдеріне қатысты арнайы әдеби қайнаркөздер, деректер қолданылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 // Казахстанская правда. — 2009. — 27 авг.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Тәжірибелік құралы. — Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2016. — 360 б.
3. Шейфер С.А. Доказательства и доказывание по уголовным делам: проблемы теории и правового регулирования. — Тольятти, 2008
4. Громов Н.А., Гущин А.Н., Луговец Н.В., Лямин М.В. Доказательства, доказывание использование результатов оперативно-розыскной деятельности. — М.: «Приор-издат», 2006. — 160 с.

УДК 343

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨЗІНЕН-ӨЗІ РАДИКАЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Таштай Мейіржан Талғатұлы

Virus9509@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Құқықтану» мамандығының
4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі — А.О. Балғынтаев

Бүгінде Қазақстан Республикасында қатты серпінмен дамып келе жатқан «өзінен-өзі радикалдану» мәселесі, өз етегін 2005 жылы көрсеткен болатын. Бірақ та ол мезетте бұл проблемаға билік басындағылар да, халық та ат үсті қарап, қатты қорқа қойған жоқ. Жастарымыздың көп бөлігі дін жолына аяқ басуда. Бәлкім, бір жағынан бұл қуантатын жағдай шығар, алайда біреуімізге әке, ал біреуімізге аға-іні болатын кісілер топ-топ болып